

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2019-2020 оқу жылындағы кезектен тыс Академиялық комитет
отырысының ҚАУЛЫЛАРЫ № 10/1**

Түркістан қаласы

5 мамыр 2020 жыл

Өткізілетін орын: *(Онлайн режиміндегі
Google Hangouts арқылы өткізілген)*

Өткізілетін уақыты: 2019 жылдың 5 мамыры, сағат 15:00

Кеңес мүшелері – 43

Қатысқандар: 43, келмегендер: 0

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қашықтықтан білім беру технологияларын пайдаланып білім алушылардың үлгерімін аралық және қорытынды аттестаттауды онлайн режимінде ұйымдастыру туралы *(Оқу ісін ұйымдастыру орталығының басшысы Г.Қ. Жумжаева)*.

2. Қазақстан Республикасында төтенше жағдай енгізілуіне байланысты ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 31 наурыздағы №123 бұйрығына және 04 мамыр күнгі №179 әдістемелік ұсыныстарын негізінде, университеттің 2019-2020 оқу жылына бекітілген Академиялық күнтізбедегі үздіксіз педагогикалық, оқу және өндірістік практикаларды ұйымдастыру туралы *(Іс-тәжірибе және жұмыспен қамту орталығының басшысы С. Мухиддинова)*

3. Әр түрлі мәселелер:

3.1. Университет ОПҚ дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқауларын талқылап бекіту туралы *(Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысының орынбасары – Шайхитдинұлы Ж.)*.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша

Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2019-2020 оқу жылының көктемгі емтихан сессиясын қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы онлайн режимінде ұйымдастыру және өткізу үшін, Академиялық саясатқа енгізілген толықтырулар негізінде, көктемгі емтихан сессиясының бақылау нысандарына өзгерістер енгізіліп бекітілсін *(жауапты – Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры, факультет декандары, жоғары мектеп директоры)*;

2. Дене шынықтыру пәнінен емтиханды қашықтықтан форматта өткізу

мүмкін болмауына байланысты, емтихан қол жеткізілген жетістіктердің жиынтық бағалаумен алмастырылсын (*жауапты – Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Т.Ниязов, Спорт және өнер факультетінің деканы Б.Абусейтов*).

**Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша
Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

2.1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 31 наурыздағы №121 «Пандемия кезеңінде білім беру ұйымдарында, COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды күшейту туралы» бұйрығымен бекітілген «Пандемия кезеңінде коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» негізінде 2019-2020 оқу жылы көктемгі семестрінде, педагогикалық мамандықтардың студенттеріне 27.01- 08.05.2020 жыл аралығында, басталған 15 апталық үздіксіз педагогикалық практикасының бағалары бұрын игерілген 7 аптаның қорытындылары негізінде бағалансын. (*жауапты – Іс-тәжірибе және жұмыспен қамту орталығының басшысы С. Мухиддинова, жауапты – факультет декандары, кафедра меңгерушілері*).

2.2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 04 мамыр 2020 жылғы №179 «COVID-19 коронавирустық инфекция кезеңінде қашықтықтан білім беру технологияларына көшіру кезінде білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы» бұйрығымен бекітілген COVID-19 коронавирустық инфекциясы пандемия кезеңінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстардың 16-пунктіне сәйкес 2, 3, 4-курстардағы (мамыр-маусым айларында басталатын) оқу, өндірістік практикалары келесі оқу жылының күзгі семестріне ауыстырылсын. (*жауапты – Іс-тәжірибе және жұмыспен қамту орталығының басшысы С. Мухиддинова, жауапты – факультет декандары, жоғары мектеп директоры, кафедра меңгерушілері мен бағдарлама жетекшілері*).

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің бірінші сұрағы
бойынша Академиялық комитет кеңес ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

3.1. Төмендегі ұсынылған Университет оқытушы-профессор құрамының оқулықтары мен оқу құралдарын баспаға ұсыну үшін (өз есебінен шығаруға) бекітілсін және баспаға ұсынылсын.

Гуманитарлық ғылымдар факультеті бойынша:

3.1.1. Т.К.Болеев, Д.С.Жаркинбаева «Профилактика суицидального поведения подростков: 20-ти минутные тренинги для психологов, учителей и классных руководителей» атты оқу құралы;

3.1.2. Д.Ш.Шауенов «Дін социологиясы» атты оқу құралы;

3.1.3. Д. У. Мұстапаева «Діни өнер» атты оқу құралы;

3.1.4. А.М.Мұсаева «Практикалық араб тілі» атты оқу құралы;

3.1.5. Қ.Р.Қаратышқанова «Сопылық тарихы және философиясы» атты оқу құралы;

3.1.6. Ж.Е.Нурматов «Тәпсір» атты оқу құралы;

Әлеуметтік ғылымдар факультеті

3.1.7. Қоғамдық ғылымдар кафедрасының оқытушылары Г.Б.Дайрабаева, А.Ж.Малдыбек дайындаған «Онтология және гносеология» дайындаған оқу құралын;

3.1.8. Қоғамдық ғылымдар кафедрасының оқытушылары А.Ж.Малдыбек және Г.Б.Дайрабаева дайындаған «Этика және эстетика» атты оқу құралын;

Стоматология факультеті

3.1.9. «Зертханалық пәндер» кафедрасының оқытушылары Б.Ж.Шырынбекова, А.К.Мамырбекова, А.Ж.Еримовалардың «Биохимия» атты оқулығын;

Спорт және өнер факультеті бойынша

3.1.10. «Орындаушылық өнер» кафедрасының аға оқытушысы Б.Тажиметов дайындаған «Ана туралы әндер жинағы» атты оқу құралын;


Филология факультеті бойынша

3.1.11. Әлем тілдері кафедрасының ф.ғ.к., профессор м.а. А.Н.Байтуованың дайындаған «Введение в языкознание» атты оқу құралын;

3.1.12. Әлем тілдері кафедрасының ф.ғ.к., Ж.Ошақбаеваның дайындаған «Практикум по истории зарубежной литературы I» атты оқу құралы.

Қаулылар мәжіліс хаттамасынан көшіріп алынды. Көшірме дұрыс.

Хатшы



Ж.И.Исаева

